



ҚАУІПСІЗ ӘЛЕМ ҚҰРУ — БАСТЫ ҚАҒИДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қауіпсіздік кеңестері хатшыларымен кездесу өткізді.

Қазақстан Президенті қазіргі уақытта Шанхай ынтымақтастық ұйымының Астанадағы саммитіне дайындық жүріп жатқанын айтып, аталған шараның еліміз үшін мәні зор екеніне назар аударды.

Президент ШЫҰ кеңістігіндегі ұжымдық қауіпсіздіктің рөлі артып келе жатқанын ескере отырып, ұйымға мүше елдердің қауіпсіздік кеңесі хатшыларының кездесулері айрықша өзекті екенін атап өтті.

Өткен жылы әлемде өңірлік және жергілікті деңгейде 183 қақтығыс орын алды. Жанжалдардың саны шамамен 30 пайызға артқан. Бұл — соңғы отыз жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Сарапшылар қақтығыстар мен зорлық-зомбылық әрекеттерінің жаһандық циклы белең алып келе жатыр деп санайды. Осы ретте халықаралық

терроризмнен де төнетін қауіп күшейіп келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, таяуда көптеген бейбіт тұрғынның өмірін жалмаған Мәскеу облысындағы қайғылы оқиға лаңкестердің зорлық-зомбылықтың ең қатігез әрі зұлым тәсілдерін қолданатынын көрсетті.

— Қазақстан лаңкестік әрекетті қатаң айыптайтынын бірден мәлімдеді және Ресеймен бірге екенін білдірді. Екі елдің арнаулы қызметтері терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұдайы байланыста. Мәскеу облысындағы лаңкестік әрекетті бүкіл әлем, соның ішінде бүгін өздерінің өкілі ретінде келіп отырған елдер де қатаң айыптады. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі кінәлілердің бәрін жауапқа тарту қажет екенін, сондай-ақ терроризммен күрес мәселесінде халықаралық ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап өтті. Ең бастысы, болған істен дұрыс қорытынды шығарып, нақты шаралар қабылдау керек. Азаматтарымыздың қауіпсіздігін

қамтамасыз етіп, террорлық қауіп-қатерлерге лайықты төтеп беруге тиіспіз, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымы кезінде өңірдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, «Үш зұлым күшке» бірігіп қарсы тұру мақсатында құрылғанын еске салды.

— Бүгінде мұндай қатерлердің сейілмегені өз алдына, олар түрленіп, бұрынғыдан бетер қауіпті бола түсті. Өз кезегінде, біздің тарапымыздан анағұрлым жүйелі әрі батыл шаралар қабылдау қажет. Мемлекеттеріміздің шырқын бұзатын терроризм, экстремизм және сепаратизм әрекеттерінің белең алуына жол беруге болмайды. «Үш зұлым күшке», сондай-ақ трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз есірткі айналымына және киберқауіпсіздік сын-қатерлеріне қарсы күрес Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалық ету кезеңіндегі ең басты басымдықтардың бірі саналады, — деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

ЕЛТАҢБАМЫЗ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ МА?

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда біраздан бері Елтаңбаға қатысты сын айтылып жүргеніне тоқталды. Орынды пайымдар ескерусіз қалмауы керек екенін жеткізіп, ортақ келісімге келу үшін арнайы комиссия құрылатынын атап өтті. Сол-ақ екен, әлеуметтік желілерде түрлі пікір қарша борады.



ЖАМБЫЛ СПОРТЫ БАҒЫТЫНАН ЖАҢЫЛДЫ

Жамбыл спортының жұлдызы әркез биік болғаны белгілі. Өңір жампоздары әлемдік аренада атой салып, талай мәрте Өнұранымызды шырақтатып, көк байрағымызды биіктетті. Десе де, кейінгі жылдары аймақ спортының басы даудан арылмай, көркеткіштеріміз көңіл көншітпей тұр.



АТЫ ӨЗІМІЗДІКІ, ЗАТЫ ӨЗГЕНІКІ

«Отандық өнім» деп жүргеніміз шынымен отандық па? Бұған Үкіметтің де күмәні бар. Сондықтан мемлекет осы сұрақтың нақты жауабын тауып бермеген, дұрысын айтқанда, «Қазақстанда жасалған» деген таңбасы бар тауарлардың ішінен нағыз «қазақстандық» өнімдерді айқындап бере алмаған ескі тетіктерден бас тартпақ. Бұл ретте тауардың шығу тегін растайтын СТ-KZ сертификаты мен Индустриялық сертификатты жояды. Орнына басқа тетік әзірленіп жатыр.



Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, 2023 жылы Қазақстанда шай мен кофе өндірісі бірден 17,2%-ға артып, 30 мың тоннадан асқан. Ғажабы сол, елімізде шай плантациялары жоқ, сондай-ақ кофе ағашы да өспейді.

Мұның сыры басқа статистика ашады: былтырғы 10 айда Қазақстан шетелден 28,1 мың тонна кара шай импорттаған. Бұл 2022 жылғыдан 32,5%-ға көп. Негізгі жеткізушілер — Үндістан (12,5 мың тонна немесе бір жылда 1,9 есе өсті) және Кения (9,2 мың тонна, — 0,4%). Яғни, елімізге

әкеліп, қапталса болды, шәй мен кофе «отандыққа» жатқызылады.

Сондай-ақ әкімдіктер, министрліктер, қаптаған мемлекеттік мекеме-кәсіпорындар мен ұлттық компаниялар сыйға тарту үшін тендер арқылы «отандық сағаттарды» сатып алады. Бірақ елімізде сағат механизмдерін жасайтын бірде-бір зауыт жоқ. Оның бәрі негізінен, Қытайдан, Швейцариядан, Түркиядан, өзге елдерден тасымалданады.

(Жалғасы 4-бетте)

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БАҚЫТЖАН САҒЫНТАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаевты қабылдады. Кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бақытжан Сағынтаевты жаңа қызметке кірісуімен құттықтады.

Мемлекет басшысына ЕЭК қызметінің басым бағыттары және оны одан әрі дамыту перспективасы, сондай-ақ Қазақстан мен ЕЭК арасындағы өзара ықпалдастықтың жай-күйі туралы баяндалды.

Сонымен қатар кездесуде 2030 және 2045 жылдарға дейінгі «Еура-

зиялық экономикалық жол» декларациясын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, сондай-ақ биыл мамыр айында Мәскеуде өтетін Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің мерейтойлық отырысына дайындық мәселелері талқыланды.



КӨҢІЛ АЙТТЫ

Президент аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Парламент Сенатының тұңғыш төрағасы, «Отан» орденінің иегері, академик Өмірбек Байгелдіұлының дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты.

— Өмірбек Байгелдіұлы егемендіктің берік іргетасын қаласқан тұғырлы тұлға, Отанымыздың дамуына қажырлы еңбек сіңірген ұлтжанды азамат болды. Қазақстан Республикасы Парламентінің қалыптасуына зор үлес қосты. Ғибратты ғұмыр иесі өзінің нағыз парасатын тұлғаға тән қадір-қасиетімен барша жұрттың сый-құрметіне бөледі. Сонына жарқын із қалдырған Өмірбек Байгелдіұлының есімі мен бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын, — деп жазылған жеделхатта.

ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЖАДЫМЫЗДА САҚТАЛАДЫ



Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Байгелді өмірден өтті.

Ол мемлекет мұраты, ұлт мәселесі бойынша аянбай еңбек еткен жандардың қатарынан болды. 1939 жылы Жамбыл облысының Қызыл Октябрь ауылында дүниеге келген азамат еңбек жолын Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Қызыл Октябрь колхозында қарапайым жұмысшы болып бастаған.

Осылайша, іскерлігі мен тәжірибесінің арқасында биік лауазымдардың бірінен соң бірі бағындырды. 1990-1995 жылдары Жамбыл облыстық атқару комитетінің төрағасы, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, халық депутаттары облыстық кеңесінің төрағасы, облыс әкімі қызметтерін атқарды. 1995 жылы жалпыхалықтық референдум бойынша қабылданған жана Конституцияға сәйкес кәсіби Парламент жасакталып, Өмірбек Байгелді қос палатадан тұратын Парламентке Жамбыл облысынан сенатор болып сайланды. 1996-1999 жылдары Сенат Төрағасы қызметін атқарды. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бірінші, екінші, үшінші және төртінші шақырылымдағы депутаты болған Ө. Байгелді Парламент Сенатында 16 жылдан астам жұмыс істеді. Ол заң шығармашылығымен қоса, терең тарамдалған ата тарихты үніле зерттегенді, басқа халыққа сіңіп кеткен бабалар атын қазаққа қайтарып, ұлықтауды мақсатқа айналдырып, биліктің биігінде жүргенде де халық қазынасына қамқор болудан танған жоқ. Тарихымызды түгендей жүріп бағалы, аса мол олжалар салды.

Осынау өнегелі ғұмырын еліміздің дамуы мен қалыптасуына арнаған атпал азаматтың алды жарық, жатқан жері пейіш болғай.

ҚАУІПСІЗ ӘЛЕМ ҚҰРУ – БАСТЫ ҚАҒИДА

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының пайымдауына, Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасын қабылдау керек. Сонымен қатар Президент ШЫҰ-ның Есірткіге қарсы 2024-2029 жылдарға арналған стратегиясын және оны жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын қабылдау маңызды екеніне тоқталды.

– ШЫҰ – жанарып келе жатқан халықаралық қауіпсіздік архитектурасы негіздерінің бірі. Сондықтан біздің Ұйым өңірдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін өзара келісілген әрі нақты қаламдардың үлгісін көрсетуге тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Оның пікірінше, Ауғанстан аумағы халықаралық лаңкестік топтардың ұясына айналуы үшін бұл елдегі ахуалға ерекше назар аударған жөн. Қазақстан Президенті аталған елдегі гуманитарлық дағдарыстың алдын алуға және ұзақмерзімді тұрақтылықтың сақталуына жағдай жасауға бағытталған жұмыстарды жалғастыру маңызды деп санайды.

– Таяу Шығыстағы қақтығыс та қауіпсіздікке нұқсан келтіретін елеулі факторға айналып отыр. Оның қайғылы салдары бейбіт халыққа ауыр тиді. Аймақтағы тұрақтылыққа орасан зор зиян келді. Қақтығыс одан әрі ұшығып кетпеуі үшін жоғары деңгейдегі дипломатия қажет. Жалпы, халықаралық жағдай шиеленісіп тұр деп айтуға болады. Дүниежүзі халқының тең жартысының атынан әрекет ететін біздің Ұйым қауіпсіз әрі әділетті әлем құру формаласын ұсына алатынына сенімдімін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның ашық саяси-дипломатиялық диалогті, өзінің жаһандық және өңірлік серіктестерімен конструктивті қарым-қатынас жасауды қолдайтынын мәлімдеді.

– Біз Еуразиялық қауіпсіздіктің тұтастығы қағидатын ұстанамыз. Ол өзара



түсіністік пен сенім шараларына негізделген. Мұндай тәсіл ШЫҰ кеңістігінде қауіпсіздік белдеуін қалыптастыру жөніндегі стратегиялық міндеттің негізі болуға тиіс. Қазақстан әлемдегі бейбітшілік пен мемлекеттердің тату өмір сүруін қамтамасыз етуге өз үлесін қосуды ұйымға төрағалығының басымдығы ретінде атады. Сондықтан біз ШЫҰ-ның «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастамасын бірлесіп әзірлеп, қабылдауды ұсындық. Қазақстан тарапы осы аса маңызды құжаттың жобасын талқылау барысында аталған мәселеге дипломатиялық тұрғыдан қарауға дайын, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қақтығыстармен және лаңкестік әрекеттердің белен

алуымен қатар, климат дағдарысы, азық-түлік, су, көлік және энергетикалық қауіпсіздік салаларында сын-қатерлер байқалатынына назар аударды.

– ШЫҰ заманауи сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы қолданатын әдіс-тәсілдерін күшейтуі қажет. Бұл бағытта белсенді әрі мейлінше нәтижелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Бастапқы кезеңде Қазақстанның ұсынысы бойынша ШЫҰ қызметін жетілдіру процесі басталды. Ұйымның әлеуетін өңірлік және халықаралық қауіпсіздіктің пәрменді құралы ретінде пайдалану керек. Бұл мақсатқа жету үшін қауіпсіздік кеңестері хатшыларының кездесулері маңызды рөл атқарады. Сіздер ұлттық қауіпсіздіктің әртүрлі бағытына жетекшілік етесіздер. Қазір сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы күресу үшін біртұтас әрі бірік-

кен жұмыс тәсілі өте маңызды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ШЫҰ-ға мүше елдердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қауіпсіздік кеңестерінің хатшылары үйлесімді жұмыс істеуі қажет екенін атап өтті.

– Өкінішке қарай, әлемдегі жағдай жақын арада жақсара қоймайтын сияқты. Елдеріміздің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін сын-қатер әлі де бар десек, артық айтқандық емес. Бұл мемлекеттеріміздің Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында бірігуі қажет екенін көрсетеді. Сол арқылы сырттан келетін барлық қауіпті тойтаруға және жоюға бағытталған бірлескен күш-жігер мен нақты шаралар қабылдаймыз. Сондықтан біз Шанхай ынтымақтастық ұйымының қызметіне бұрын да, қазір де

баса назар аударамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Ұйымның күн тәртібі бірегей саналады. Онда экономикалық ынтымақтастық, инвестициялық саясат, мәдениет, гуманитарлық байланыстар саласындағы ықпалдастық және басқа да көптеген мәселе қамтылған.

– Халықаралық терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелерін бөлек қарастырамыз. Әрине, мұнда біз саяси ерік-жігер көрсетуге тиіспіз. Солайша бірге екенімізді танытып, ең бастысы, тиімді әрекет етуіміз керек. Қазақстан бұл игі іске өзінің елеулі үлесін қосады. Бұған сенімді болыңыздар. Сондықтан мен Шанхай ынтымақтастық ұйымының Астанада өтетін алдағы саммитіне зор үміт артамын, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, кездесуге қатысушылардың ШЫҰ кеңістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және «шанхай рухын» күшейту жолындағы жұмысына табыс тіледі.

Жиында Ресей Федерациясы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Николай Патрушев, Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік министрі Сюань Ван, Үндістан Премьер-министрінің Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Аджит Довал, Өзбекстан Республикасының Президенті жанындағы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Виктор Махмудов, Қырғыз Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Марат Иманкулов, Тәжікстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Насрулло Махмудзода, Пәкістан Ислам Республикасы Үкіметінің Ұлттық қауіпсіздік бөлімшесінің хатшысы Вакар Ахмад, Иран Ислам Республикасының Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі жоғары кеңесінің хатшысы Али Акбар Ахмадиан Бабаки; бақылаушы мемлекеттердің өкілдері: Моңғолия Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Бямбажаргал Алтангэрэл, Беларусь Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің мемлекеттік хатшысы Александр Вольфович сөз сөйледі.

КЕЛІСІМ ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМЫТАДЫ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда депутаттар Мемлекет басшысының алдын ала келіп түскен ұсынуы бойынша Жоғарғы Сот судьяларын қызметінен босату туралы мәселені қарады. Сондай-ақ күн тәртібіне шығарылған заңдарды мақұлдады.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев алдымен, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының алғашқы Төрағасы Өмірбек Байгелдінің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен жақындарына көңіл айтты.

«Өмірбек Байгелдінің өнегелі өмірі ел тарихының тұтас бір тарауы деуге толық негіз бар. Ол 1995 жылы сенатор ретінде сайланып, тәуелсіз Қазақстан тарихында Парламент Сенатының алғашқы Төрағасы болды. Осылайша, ұлттық парламентаризмнің қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосты. Сол кезеңде қабылданған заңдар мемлекеттілігіміз бен тәуелсіздігіміздің нығаюына тікелей ықпал еткені анық. Осы істің бәрінде Өмірбек Байгелдінің нағыз отаншылдықтың, ұлтқа қызмет етудің озық үлгісін көрсетті», – деді палата Төрағасы.

Айта кетейік, Өмірбек Байгелді Сенатта 16 жылдан астам уақыт еңбек етті. Ол Парламент Сенатының бірінші, екінші, үшінші және төртінші шақырылымында депутат болды.

Отырыс барысында сенаторлар Әбдірашид Жүкенов пен Зәуре Кейкібасованы Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босатты. Мемлекет басшысының ұсынуын қараған палата депутаттары осындай шешім қабылдады. Ұсынылған кандидатуралар алдын ала Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінде талқыланды. Мемлекет басшысының ұсынуын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің төрағасы Денис Шипп жариялады.

Сонымен қатар палата отырысында депутаттар «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады. Келісімге сәйкес, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты және ғылым докторы сияқты ғылыми дәрежелер туралы құжаттар растасыз танылады. Мұндай құжаттардың иелері ғылыми дәрежесі үшін үстемеақы талап еткен жағдайда ерекшелік қарастырылған. Сондай-ақ заң нормалары ғылыми кадрлармен алмасуды ынталандыруға және ЕАЭО-ға мүше елдердің білім беру жүйелерін интеграциялауға, университеттер мен зерттеу институттары арасындағы ғылыми байланыстарды нығайтуға арналған.

Сондай-ақ сенаторлар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер кабинеті арасындағы авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды мақұлдады. Палата Төрағасы атап өткендей, қазір қазақ-қырғыз қарым-қатынасы барлық салада қарқынды дамып келеді. Мақұлданған заң осындай тиімді байланыстың бір нәтижесі екені сөзсіз. Келісімді ратификациялау Қазақстан мен Қырғызстан аумақтарында авиациялық іздестіру және құтқару жұмыстарын жедел ұйымдастыруға, осы саладағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ықпал етпек.

«Келісім екі мемлекеттің авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастығын нығайтуды көздейді. Заң авиациялық оқиға туындаған жағдайда тараптардың бірлескен іс-қимылын, сондай-ақ оқу-жаттығулар өткізу және ақпарат алмасудың жекелеген мәселелерін реттейді. Алдағы уақытта бұл Келісім екі ел арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға он септігін тигізеді деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

МОНОҚАЛАЛАРДЫ ЖАСТАРҒА ТАРТЫМДЫ ЕТУ КЕРЕК



Премьер-Министр Олжас Бектенов Үкімет отырысында моноқалаларды жастарға тартымды ету үшін қандай шаралар қабылдану керектігін айтты.

«Біз моноқалаларды дамытып, жастар үшін тартымды еткіміз келеді. Ол үшін табысты артырып, жұмыс орындарын көбейту қажет. Аталған міндет өндірістерді кеңейту, жаңа жобаларды іске қосу, бизнеске қолайлы жағдайлар жасау арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Әкімдіктер жас мамандарға жағдай жасап, әлеуметтік пакеттер ұсынуы керек. Моноқалаларда өндіріс орындары бар компаниялар да корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктері туралы ұмытпауға тиіс. Оның ішінде жұмыс-

керлердің құқықтарын қорғауға, өндірісті кеңейтуге, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бастамаларға бірінші кезекте назар аудару қажет», – деді Үкімет басшысы.

Сондай-ақ ол облыс әкімдері моноқалалар инфрақұрылымын қарасыз қалдырғанын атап өтті. «Моноқалаларда жайлы тұрмыс деңгейі инфрақұрылым объектілерінің тұрақты жұмысына тікелей байланысты. Олардың көпшілігінде инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым әбден тозған. Облыс әкімдіктері жағдайды жақсарту үшін қажетті шаралар қабылдаған жок. Сондықтан қалыпты тұрмыс жағдайы мен қызметтерді қамтамасыз етуге баса назар аудару керек», – деді Премьер-Министр.

БИЫЛ ӘСКЕРИ ШЕРУ ӨТКІЗІЛМЕЙДІ



Биыл елімізде 7 және 9 мамырға арналған әскери шеру өткізілмейді. Қорғаныс министрлігі мұндай шешімді «бюджет үнемдеу және басқа да мәселелерді шешу қажеттілігі негізінде» қабылдады.

Бұған дейін әскери шеру жыл сайын ұйымдастырылып келгендіктен қазақстандықтардың санасында жылда өтетін дәстүрлі іс-шара ретінде қалыптасып қалғаны анық. Қорғаныс министрлігінің «шеруді жыл сайын өткізу керек» деген регламент жоқ екенін алға тартты. Яғни, қалаған уақытта өткізілуі де мүмкін.

Айта кетейік, елімізде 2019 жылдан бері әскери шерулер өткізілмей жүр. 2022 және 2023 жылдары шығынды үнемдеуге байланысты, ал 2021 және 2020 жылдары пандемия салдарынан ұйымдастырылмады.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ МЕН ЖЫЛУ ЭНЕРГЕТИКАСЫ — МӘЖІЛІСТІҢ ЕРЕКШЕ НАЗАРЫНДА

Кеше Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың жетекшілігімен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар жылу энергетикасы және мемлекеттік сатып алу туралы заң жобалары мен оларға ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады.

Нұрлан ҚОСАЙ

Мәжіліс «Жылу энергетикасы туралы» заң жобасы және оған ілеспе жылу энергетикасы мен электр энергетикасы мәселелері бойынша заң актілеріне түзетулер енгізу туралы және Әкімшілік құқықбұзушылық кодексіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Елімізде жылу энергетикасы саласындағы жеке заң алғаш рет әзірленіп отыр. Энергетика министрі Алмасад Сәтқалиев заң жобасы жылу энергетикасы саласына саясатындағы құзыреттер мен жауапкершілікті қайта бөлу, жылу бөлігі бойынша бақылау функцияларын қайта қарау және басқа да бағыттарды қамтитынын айтты.

«Саланы одан әрі дамытуға қажетті шараларды әзірлеу үшін бүкіл салаға мониторинг жүргізілімек. Бүгінде елдегі саланың жай-күйіне қатысты мониторинг туралы деректер жоқ. Бақылауды енгізу қазіргі жағдайды нақтырақ түсінуге және сектордың одан әрі дамуын сапалы болжауға мүмкіндік береді», — деді А.Сәтқалиев.

Заң жобасында облыстардың, облыс көлеміндегі қалалар мен аудандардың жылу энергетикасының жұмыс істеуі мен дамуы қарастырылады. Ол әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары әзірлеген жылу энергетикасын дамытудың ұзақмерзімді (20 жыл) және ортамерзімді (5 жыл) әмбебап жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Жұмыс тобының жетекшісі Еділ Жанбыршин жылу энергиясын өндіру мен тасымалдау құзыреті Энергетика министрілігіне берілетінін айтты. Ал тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган жылу энергиясын тұтыну саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады болады.

«Жылу энергетикасын дамытуды жоспарлаудың жаңа құралы енгізіледі. Еліміздегі жылу энергетикасы саласының құрылымы айқындалады, жылумен жабдықтау және жылу тұтыну субъектілерінің құқықтары мен міндеттері бекітіледі. Сонымен қатар заң жобасында энергетика нысандарында төтенше жағдайлар орын алған кезде жылумен жабдықтау жүйелерін басқару, арнайы құрылатын бірыңғай жылу энергетикалық компанияға беріледі деген норма ұсынылып отыр», — деді Еділ Жанбыршин.

Оның айтуынша, тенгерімдеуші нарық тетіктерін және электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны енгізу бөлігінде электр энергетикасы саласын реформалауға бағытталған толықтырулар енгізіледі.

«Энергетика нарығында тарифтерді негізсіз көтеріп және одан пайда көріп, энергетика саласына 1 тиын да инвестиция салмай, делдалдық қызмет атқарып отырған энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды жою жөнінде депутаттар арнайы нормалар енгізді. Бұл түзетулер концептуалды болғандықтан Үкіметтің қорытындысына жіберілді», — деді Е.Жанбыршин.

Сонымен қатар Мәжіліс «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң жобасы мен нор-



малардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуі тұрғысынан ревизиялау мәселелері бойынша және Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске енгізілетін ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобалары туралы Қаржы министрі Мәди Тәкжиев баяндады. Баяндамашы құжаттың Мемлекет басшысының мемлекеттік сатып алуын жаңа сапалы жүйесін құру туралы тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленгенін айтты. Бұл ретте сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің бағасына емес, сапасына басымдық берілуі тиіс.

«Қоғамдық мониторинг, әсіресе құрылыс жұмыстарына жүргізіледі. Тапсырыс беруші тарапынан шарттың тиісінше орындалуын бақылау — құрылыс сапасын арттырудың маңызды шарттарының бірі. Осы ретте жұмыстарды орындау кестелерін, шарттардың орындалуы бойынша есептерді, жалпы қолжетімді етіп жариялау, сондай-ақ шарттарды орындау мониторингіне қоғамдық кенестерді тарту ұсынылады», — деді Мәди Тәкжиев.

Заң жобасы процесіті жеңілдетуге және бюрократиядан арылтуға бағытталған. Алдын ала қабылдау кезеңін жою, сондай-ақ жеке рәсімдерді өткізу мерзімдерін қайта қарау ұсынылады. Нәтижесінде, мемлекеттік сатып алу рәсімінің жалпы ұзақтығы екі айдан бір айға дейін қысқарады. Қаржы министрінің мәліметінше, бір көзден сатып алуды жетілдіру бойынша жұмыс жалғасады. Егер конкурста қатысуға бір өтінім беріліп, ол біліктілік талаптарына сәйкес деп танылса, мұндай сатып алуларды жарамды деп тану ұсынылады. Тапсырыс берушіге сатып алу процедурасын қайталау қажет болмайтындықтан, бұл уақытты айтарлықтай үнемдеп, процесіті жеңілдетеді.

Сондай-ақ жұмыс тобының жетекшісі Руслан Қожасбаев қосымша бағдарламасында ауыл әкімдіктеріне тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді конкурс өткізбей, 3 000 АЕК-ке дейін сатып алу ұсынылып отырғанын атап өтті. Жұмыс тобы бұл шекті арттыруды қарастырып жатыр. Шағымдарды қараудың жаңа механизмін енгізу, офлайн-келісімшарттарын жасау, жеткізушілердің жауапкершілігін күшейту, сатып алуы ШОБ субъектілері арасында жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің

тізбесін енгізуге қатысты мәселелер бойынша да жұмыс жүріп жатыр. Басқа да стандарттар, соның ішінде сатып алу рәсімдерін одан әрі автоматтандыруға және бірыңғай платформа құруға арналған стандарттар енгізіледі.

Өз кезегінде Ерлан Қошанов мемлекеттік сатып алу жүйесін қайта қарау мәселесі бірнеше жылдан бері көтеріліп келе жатқанын атап өтті. Ол мемлекеттік сатып алу барлық әлеуметтік маңызды жобаны жүзеге асыруға тікелей әсер ететіндіктен Мемлекет басшысы бұл саланы түбегейлі реформалауды тапсырғанын еске салды.

«Бұл заң жергілікті жерлерде туындайтын түйткілі мәселелерді шешілуіне оң ықпал етеді деп сенеміз. Көп жұмыс атқарылды. Енді заң жобасын тезірек пысықтап, екінші оқылымға шығару керек. Өйткені оны халық күтіп отыр. Өңірлердегі бизнес қоғамдастығы мен тұрғындар ұсынған өзгерістер туралы өз пікірлерін білдіруі маңызды. Сондықтан бейінді комитет өңірлерге барып, көшпелі отырыс өткізгені жөн», — деді палата Спикері.

Мәжіліс комитеттері «ҚР мемлекеттік наградалары туралы» заңға өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы және Қазақстан мен Вьетнам Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру жөніндегі шартты ратификациялау туралы заң жобаларын жұмысқа алды. Жалпы отырыста мәжіліс-мендер әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша жауапты мемлекеттік органдарға 11 депутаттық сауал жолдады. Олардың басым бөлігі өңірлердегі су тасқынына арналды. Мақсат Толықбай депутаттық корпус атынан Премьер-Министр Олжас Бектеновке еліміздегі су тасқынына қатысты депутаттық сауал жолдады. Үкіметке су басу қаупі бар аймақтарда алдын алу жұмыстарын ұйымдастырып, зардап шеккен тұрғындарды қолдауға арналған шараларды қабылдауды сұрады.

«Мәжілістегі әріптестерімізбен бірге халықтың жай-күйімен, осы бағытта қолға алынып жатқан шаралармен кезбе-кез танысу үшін біз Орал, Арқалық, Ақтөбе, Ұлытау, Қоянды және тағы басқа өңірлерді аралап қайттық. Былтыр дәл осы уақытта Қобда ауданындағы топан су шайып өткен бірнеше үйге «AMANAT» партиясы тарапынан құрылыс материалдарына дейін

өперіп, баспана салдыртқан едік. Өкініштісі, сол үйлер тағы да суға кетті. Себебі Қобдадағы құрылыс басталған дамба жергілікті Прокуратура жобалық құжаттамасынан кінәрат тауып тоқтатып тастаған. Сондай-ақ Ақтөбе облысындағы су басқан Құмсай ауылында мұнай компаниясы шлюзді бітеп тастап, тасыған су ауылға қарай бұрылып кеткен. Өйткені шлюз әдейі жабылғанды көріні. Бұл мәселені жіті бақылауға алу қажет. Дәл осындай жағдай басқа өңірлерде де болуы ықтимал», — деді ол.

Осы ретте депутат Үкіметке келесі ұсыныстарды жолдады. Олар — бірінші, Қазақстандағы барлық өзендердің жағасының ерекше су қорғау аумағын 4 шақырымға дейін ұзарту және тұрғын үй салу мен жер бөлу кезінде өзен, көл, су қоймасының жағасынан қашық әрі биік жерлерге қоныстандыру; екінші, ірі және таулардан ағатын трансшекаралық сулар құбылатын өзендердің қар мен жанбыр суы қосылғанда тасып кетпеуі үшін жасанды арналар жасау, аса қауіпті аумақтарда су қоймаларын салу, сондай-ақ су соратын дренаждар мен сорғыларды қайта орналастыру; үшінші, өзен, көлге жақын орналасқан ауылдарды қажетті техника, қайық және арнайы формалармен қамтамасыз ету; төртінші, гидротехника инженер мамандарын дайындауға көңіл бөлу; бесінші, биылғы төтенше жағдай жарияланған жерлердегі шаруалардың барлық ауылшаруашылық несиелерін төлеуді үш жылға дейін шегеру мүмкіндігін қарастыру.

Ал депутат Ерлан Саиров минералдық ресурстар қоры бойынша Қазақстан алғашқы он елдің қатарында (ТОП-10) болса да, әлі күнге дейін шикізат экспорттап отырғанын ашына жеткізді.

«Бұған екі минерал алюминий мен мыс мысал бола алады. Боксит — глинозем — алюминий тізбегінде глиноземнің үштен екісі экспортталады, үштен бірінен 250 мың тонна бастапқы алюминий өндіріледі және тек оның 20%-ы дайын өнімге өңделеді, яғни сымдар, кабельдер, жылыту радиаторлары шығарылады. Он жылдан астам уақыт бойы ERG барлық глиноземді алюминийге айналдыруға уәде беріп келеді, бірақ ештеңе өзгермеді».

Мыс бойынша жағдай одан да жаман: 2023 жылы Қазақстанда 720 мың тонна мыс

өндірілген. Біздің еліміз катодты мыс пен жартылай фабрикаттарды Қытай Халық Республикасына, Түркияға экспорттайды, ал олар катодты мыстан жасалған дайын өнімдерді кабельдер, мыс сымдар, электротехникалық өнімдер түрінде Қазақстанға сатады. Нәтижесінде, дайын өнімнің миллиардтаған доллармен есептелетін үлкен қосымша құн түріндегі салығы осы елдерде қалып қояды», — дейді ол.

Оның айтуынша, көрінісес Өзбекстан жылына 290 мың тонна катодты мыс өндіреді екен. Оларда мыс экспортына тек 4-8 мм кабель немесе созбасым сияқты дайын өнім түрінде рұқсат етіледі, осы ретте көрші ел 3 000-нан астам кабельдік және басқа да дайын өнімдерді шығарып отыр. Ал Түркия Қазақстаннан катодты мыс сатып алып, басқа елдерге миллиардтаған долларлық сымдарды, профильдерді және мыс фольганы экспорттайды.

Келесі бір депутат Ерболат Сатыбалдин Арқарағай қалың елдің мұнын жеткізді. Биыл Арқарағай мал қатты қырғалды, қырылғаны, көтерем болып, терісіне ілініп, ұзын сарыға өрен кірді. Ірі шаруаларды айтпағанда, шағын ауылдардың өзінен 100-ден астам жылқы қулаған. Ауыл тұрғындары бағып отырған малдарының жұтқа ұшырады деп дабыл қаққанына ай жарымнан асты. Тек қана Қаражалдың өзінде 566 бас жылқының өлекесі жиналған екен. Жиналмай дала шашылып жатқаны қаншама?!

«Жұт тек Ұлытау жерінде ғана емес, Ақмола, Қарағанды облыстарын да шарпыды. Мұндай қыспақ жылда соқпайды, осындай ауыр жағдайға қалған елге дер кезде мемлекеттен қолдау қажет еді. Жедел көмек беретін уақыттан кеш қалды. Жайылымдық тебіндерді аршып, жем-шөп таратып, мал басын алып қалуға жасаған әрекет мардымсыз, шала болды. Қыстың ортасында жауған жауынды көріп-біліп отырған жауапты мемлекеттік мекемелер бола тұра, Ұлытау облысында болып жатқан табиғаттың қауіпті және дүлей құбылыстарының жұтқа әкеліп соғатыны туралы болжам жасап, жергілікті әкімдіктерге ескерте алмады. Мемлекеттік бақылау мен реттеудің салғырттығын осында да көрсек болады. Әріптестім, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтайдың жұт туралы айтқан жанайқайына Ауыл шаруашылығы министрілігі «малдың жаппай өлімі фактілері жоқ, Ұлытау облысында 67 жылқы малы өлімі тіркелді» деп аузын күшпен сүртіп, шаруалардың өзін кінәлаудан өріге бармады. Жұт жайын қалың елдің арасына барып, білудің орнына комиссия жіберіп, өлексе санаумен шектелді. Үкіметтің бұл тірлігін Арқа жұрты «қарнымның ашқанына емес, кадрімнің қашқанына жайылымға» балап отыр. «AMANAT» фракциясы шаруалардың қиын мәселесіне бей-жай қарай алмайды», — деді ол.

Депутат жұтап қалған елдің енесін көтеру мақсатында Ұлытау облысында төтенше жағдай жариялау керектігін айтып отыр. Оның пікірінше, зардап шеккен шаруа қожалықтары мен өлім-жітімге ұшыраған мал басы санағын жүргізу және шаруа қожалығы жоқ ауыл тұрғындарының тіркеуде болмаған малын санаққа енгізуге рұқсат берген дұрыс. Жұттан титыққан шаруаларға қолдау ретінде ауылшаруашылық мақсаттарға алған несиелеріне кешірім жариялау қажет. Мал өлекселерін жою жұмыстарын жүргізе отырып, малдарға жұқпалы ауруларға қарсы екіп жұмыстарын да мемлекет есебінен ұйымдастырған жөн.

ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖІБЕРДІ



Түркістан облысының жұртшылығы үй-жайларын су басқан Ақтөбе, Қостанай өңірлерінің тұрғындарына көмек қолын созып, зардап шеккен азаматтарға қолдау көрсетуде. Қоғам белсенділерінің және волонтерлердің бастамасымен облыс аумағындағы 17 ауданда, сондай-ақ Түркістан қаласында гуманитарлық көмек жинау бекеттері ашылды.

Жанашырлық танытқан азаматтар гуманитарлық көмек жинау бекеттерін киім-кешек, көрпе-төсек, тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түлік тауарларын тапсыруда. Волонтерлік ұйымдардың өкілдері тауар тасуға арналған автокөліктерді қоғамдық орын-

дарға қойып, көмек беремін деген азаматтарға барынша қолайлы жағдай жасайды.

Бірлігі жарасқан елдің жанашырлығы сыналатын шақта жергілікті әкімдіктер мен мәслихаттар, депутаттар, партияластар, бюджеттік және азаматтық ұйымдардың өкілдері,

дін қызметкерлері, жастар тарапы белсенділік танытып, халықтың күші бірлікте екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қарғын судан зардап шеккен ауылдарға, ең алдымен Мақтаарал жұртшылығынан жиналған көмек керуені жолға шықты. Жақсылық жасауға асыққан мақтааралдықтар Ақтөбе облысындағы су басқан аумақтардың тұрғындарына азық-түлік өнімдерімен бірге жылы киімдер, төсеніштер, күнделікті тұрмысқа қажетті тауарларды жіберді.

Облыс аумағындағы қала және аудан тұрғындарынан жиналған гуманитарлық көмекті Түркістан өңіріндегі «Жастар ресурстық орталығында» құрылған штаб үйлестіріп, әр өңірге жөнелтеді. Волонтерлер мен белсенді жастар, «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілдері 30 тоннаға жуық гуманитарлық көмекті жүк көлігіне тиеді. Аталған керуенді шығарып салуға жастар ұйымдарының жетекшілері мен белсенділері жиналды.

Түркістандық гуманитарлық керуенге сәтсапар тілеген «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев халқымыздың «Қол жұмылмай, жылынабайды» деген аталы сөзін мысалға келтіре отырып, ел басына күн туған қиын сәтте белсенді азаматтарымыз көмек қолын созып жатқанын мәлімдеді. Сонымен қатар ол қайырымдылық іс-шарасына депутаттар мен партия өріктілері де атсалысып жатқанын атап өтті. Депутат өз сөзінде жастардың азаматтық белсенділігіне ризашылығын білдіріп, жылы лебізін жеткізді.

Сондай-ақ партияның өңірлік филиалының ұжымы тасқын судан зардап шеккен отбасыларға көмек көрсету ниетімен бір күндік жалақысын арнайы қорға аударуды ұйғарды.

ҚОЛ ҰШЫН СОЗУ — АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ



Шымкент қалалық мәслихатының «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары Батыс Қазақстан облысындағы су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға гуманитарлық көмек жөнелтуде. Жүк көлігіне тиелген көрпелер, жылы киім, резенке етік, рация мен құтқару жұмыстарына қажетті заттармен қоса, азық-түлік өнімдері де тиеліп жолға шықты.

Депутаттар жапа шеккен адамдарға көмек көрсету мақсатында қаражат жинау туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ шымкенттік «Жастар Рухының» белсенділері су тасқыны болған аймақтарға барып, көмек көрсетеді.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Бахадыр Нарымбетов қиындыққа тап болған азаматтарға көмек көрсету азаматтық парызы екенін атап өтті.

— Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, біз әрдайым

бір-бірімізге қамқор, тілеулес адамдарға көмек көрсету мақсатында қаражат жинау туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ шымкенттік «Жастар Рухының» белсенділері су тасқыны болған аймақтарға барып, көмек көрсетеді.

Көмек қолын созу жұмыстары осымен тоқтап қалмайды. Алдағы күндері халық қалаулылары мүмкіндігінше тағы да қор жинап, тасқыннан зардап шеккен азаматтарға қосымша қолдау болатындығын айтып отыр.

Қазақстанға Пржевальский жылқылары қайта оралады. Осы жазда 8 бас жабайы жануар тұқымы Қостанай облысындағы «Алтын дала» табиғи резерватына жіберіледі. Егер жерсініп кетсе, алдағы 4-5 жылдың ішінде тағы 40 шақты бас әкелінеді.

КЕРІ ОРАЛҒАН КЕРҚҰЛАН



Бауыржан БАЗАР

Жерсіну дегенде айтпағымыз, жабайы жылқы тұқымдары Еуропа елдерінің хайуанаттар бағына жеткізіліп, таза табиғатқа жіберілгені отыр. Әйтпесе, Пржевальский жылқысының байырғы мекені — қазақ жері екені әмбебап аян. Тарихшылар ұлы даланың шөлді, шөлейтті аймағында, Ертіс пен Іле бойында ежелден жабайы жылқы үйір-үйірімен жортып жүргенін жазады. Десе де, Қазақстан аумағынан оны кездестіру дерегі 1930 жылдардан кейін сап тыйылады. Зерттеушілердің жазуынша, оның негізгі себебі ұлы далаға келген ашаршылық кесірі мен жосықсыз аншылықтың зардабында жатса керек. 2023 жылғы 24 сәуірде Астанада өткен Қазақстан — Чехия бизнес форумында Қазақстанның Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті мен Прага хайуанаттар бағы «Жойылып кету қаупі төніп тұрған жануар түрін (Пржевальский жылқысы / Equus Przewalskii) қорғау туралы» меморандумға қол қойды. Аталған меморандум аясында Чех Республикасы мен Германия Федеративті Республикасынан 2024 жылдың 3-4 маусымында бастапқы 8 жануарды (Чехиядан 4 бас, Германиядан 4 бас), яки Пржевальский жылқысын Қазақстанға алып келіп, Қостанай облысының аумағында орналасқан «Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерваты» РММ-ның аумағына реинтродукциялау жоспарланады. Айта кету керек, жылқыларды тасымалдау міндеттемесін Чех тарапы өз мойнына алып отыр. Сәтін салса, 8 бас CASA C-295M арнайы әскери ұшақтарымен жеткізіледі.

Пржевальский жылқы тұқымын қазақ жеріне қайтару жөніндегі жаңа халықаралық жобаға Еуропадағы бірнеше хайуанат бағы қатысқалы отыр. Жоба аясында Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті, Прага хайуанаттар бағы, АСБК, Франкфурт зоология қоғамы, Берлин және Нюрнберг хайуанаттар бағы мен Hortobágy ұлттық паркі (Мажарстан) ынтымақтастық меморандумына қол қойып, ресми серіктес атанды. Биыл 28 ақпанда Астанада аталған серіктестер баспасөз мәслихатын өткізген болатын.

«Біз жабайы жылқы тұқымын хайуанаттар бағынан жабайы табиғатқа жіберудің және бір тарихын жазуды бастадық. Бұл жоба бұрын Моңғолияда сәтті енгізілді, қазір ол жақта тұқым көбейе бастады. Осыдан кейін Қазақстан Үкіметі де бізге осындай өтініштер жүгінді. Алдағы бес жыл ішінде «Алтын Дала» даласына 40-қа жуық жылқы тасымалдау жоспарланады», — делі Прага хайуанаттар бағының директоры Мирослав Бобек конференцияда. Прага хайуанаттар бағы бұған дейін 2012–2019 жылдары жабайы жылқыларды Моңғолиядағы бұрынғы мекеніне қайтару жобасын іске асырған айта кеткен жөн.

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің маманы Бексұлтан Мейірбековтің айтуынша, реинтродукция орталығына жіберілген 8 бас жабайы жылқы арнайы жабдықталған екі қоршауда (вольер) болады. «Бүгінде тиісті қоршаулар салынды, күзет шараларына қажетті автокөлік бар. Жануарлардың ем-домына ветеринарлық препараттар сатып алынды. Қазір Чехия тарапымен тәжірибе алмасу бойынша келіссөздер жүреді», — дейді маман.

Бір ескеретін жайт, ғалымдар Пржевальский жылқысының ежелгі аты — керқұлдан легенді айттып жүр. Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы (КБСА) мамандары да осы атауды жөн көргісі. Дегенмен ола тауға дауа келтіретіндер де көп. Өйткені ұлы далада жосынған тағы жылқының атауы бірде тарпаң, бірде құлан, енді бірде керқұлдан түрінде аталады. Құл-

дасындағы ең маңызды жетістіктердің бірі болады. Демек керқұлдан қайша жерсіндіру, әрі ғылыми жоба, әрі халықаралық абырой, әрі табиғат қорғаудағы маңызы зор әрекет», — деп атап көрсетті КБСА ғылыми директоры.

Бір есептен биыл Торғай даласына жеткізілген 8 бас керқұлдан осыдан 71 жыл бұрын оралған 8 құланның жолын берсін дегіміз келеді. 1953 жылы Қазақстанға Түркменстанның «Бадхыз қорығынан» 8 бас құлан аралдағы «Барсақалмес» қорығына жеткізілген екен.

«Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық паркінің Ғылыми апарат және мониторинг бөлімінің басшысы Марғұл Мұсабековтің дерегіне сүйенсек, «Барсақалместе» басы өсіп көбейген құландарды Іленің бойына көшіру қолға алыныпты. «1982 жылы қазіргі «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық паркіне «Барсақалмес қорығынан» 27 бас құлан әкелінді. Табиғи паркіндегі реинтродукция жұмысы жақсы нәтижесін берді, қазір бізде 3 586 бас құлан мекендейді. Ел ішінде жануарлардың санын көбейтіп, тарихи таралу аймағын қалпына келтіру мақсатында 2005–2022 жылдар аралығында жалпы «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық паркінен 304 бас құлан еліміздің басқа өңірлеріне жерсіндіруге жіберілді. Осылайша, құланды реинтродукциялау жұмыстары сәтті жүргізіліп, құландар тарихи мекеніне қайта оралды деп толықтай айтуымызға болады», — дейді ол.

Марғұл Мұсабековтен естіген және бір дерегіміз керқұлдан құланға қарағанда жылқыға жақында келеді. Мәселен, енесіне, өзінен туған ұрғашыға шаппау секілді жылқы малына біткен тектілік қасиет керқұлдарда да кезігеді екен. Сонымен қатар көктемде тай-құланды үйірден қуып шығу секілді әдеттер де кездеседі. Ал құлан көп жағдайда ондайға мән бермейтін көрінеді.

Қазақтың аса бай ауыз әдебиетінде жабайы жылқыға қатысты дерек, мәлімет көптеп кездеседі. Аңыз-әпсана, тарихи жыр, мақал-мәтелдерде де ол бірде тарпаң, бірде құлан, енді бірде керқұл түрінде кездеседі. Халқымыздың ежелгі күйлерінің бірі «Ақсақ құлан» күйінің шығу тарихы да осынау тағы жылқымен тікелей байланысты. Жошы ұлысына саяхаттап келген тарихшылар да құла дүзде жосылып, жортып жүрген жануарлар жайында тамсана жазған.

Әйгілі «Қыз Жібек», «Қобыланды» жырларында «Құлдан атты қолдықты, қолдан тартты борықты» деп келетін жолдар бар. Ал Махамбет болса: «Тағыдай таңдап су ішкен, Тарпаңдай тізесін бүгіп от жеген Тағы сынды жан едік», — деп толғайды. В.Радлов тарпаң сөзі қазақ тілінде «тағы жылқы» деген мағына беретінін жазып қалдырыпты. Ал «Қазақ совет энциклопедиясы» тарпаң — Еуропа жабайы жылқысы, қадімгі жылқының түр тармағы, түсі сұрғылт, арқасы қара жолақты деп анықтама берген (КСЭ, X, 567).

Қазақ «Құл өз қағынан жерімейді, қағынан жеріген құлан қаңғырып өлер» деген сөз жиі ұшырасады. Соған қарағанда тағы жануар адам көзіне түспес үшін елсіздегі қактын суын ішіп күн көретін секілді. «Қақты жердің қадірін құлан білер, ор-



Пржевальский жылқы тұқымын қазақ жеріне қайтару жөніндегі жаңа халықаралық жобаға Еуропадағы бірнеше хайуанат бағы қатысқалы отыр. Жоба аясында Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті, Прага хайуанаттар бағы, АСБК, Франкфурт зоология қоғамы, Берлин және Нюрнберг хайуанаттар бағы мен Hortobágy ұлттық паркі (Мажарстан) ынтымақтастық меморандумына қол қойып, ресми серіктес атанды. Биыл 28 ақпанда Астанада аталған серіктестер баспасөз мәслихатын өткізген болатын.



мұндағы омыртқалы жануарлар фаунасы сүтқоректілердің 57 түрін, құстардың 275 түрін, бауырымен жорғалаушылардың 11 түрін, қосмекенділердің 4 түрін және балықтың 9 түрін қамтиды. Енді оған — керқұлдан келіп қосылмақ.

КБСА мамандары Еуропадан жеткізілетін керқұлдан бір жыл көлемінде жартылай ерікті жағдайда (қоршау ішінде) ұсталады деп жобалайды. Себебі осыған дейін хайуанаттар бағында бағылып келген жануарларды ен далаға бірден жібере салу да тәуекелді іс. КБСА-ның ветеринар маманы Прагадағы хайуанаттар бағында тағым-ламадан өтіп, жабайы жылқының күтімін үйренуде.

Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясының ғылыми директоры Сергей Скляренконың сөзінше, керқұлдан Орталық Қазақстанға қайта жерсіндіру жобасы — осынау бірегей түрді Орталық Еуразия даласына қайтарудың таптырмас жолы. Себебі Қазақстан даласындағы экожүйе мен халық тіршілігі үшін керқұлдың маңызы зор. «Жылқы жануары да алғаш рет осы жерде қолға үйретілгені жайлы дерек мол. Қазақ елінің тарихын айтқанда жылқы жануарын атап өтпей жазу мүмкін емес. Ал жабайы жылқыны байырғы мекеніне қайтару тұрмыс-салты даламен етене байланысқан ата-бабамызға деген үлкен құрмет болмақ», — дейді Сергей Скляренко.

Десе де оның айтуынша, осынау аталмыш жоба әртүрлі елдердегі Үкіметтік және мемлекеттік емес ұйымдардың бірлесіп әрекет етуіне, халықаралық ынтымақтастықсыз жүзеге аспас еді. «Жойылып кеткен құлан санын бірнеше мыңға дейін көбейте алғанмыздай немесе жойылып кетуге жақын қалған ақбөкенді құтқарып, популяциясын екі миллионға дейін жеткізе алғанмыздай, біздің даламызда тіршілік етуге бейім Керқұлдан жылқысының популяциясын құру, бұйырса, табиғат қорғау

ман-тоғай қадірін бұлан білер» деп айтатын сөз және бар.

Белгілі тіл маманы Рәбиға Сыздыкова «Сөздер сөйлейді» атты кітабында: «Ауыз әдебиеті мұралары мен өткендегі ақын-жыраулар тілінде белгілі бір поэтикалық жүк арқалап, жиі қолданылған сөздердің қатарына құлан, бұлан, тарпаң атаулары кіреді. Демек тарпаң да — құлан сияқты, тағы жылқының бір түрі. Сөйтіп, бұл үш атаудың үшеуі де — қазақ ауыз әдебиеті мен XV-XIX ғасырлар поэзиясында белгілі бір образ үшін актив қолданылған сөздер болған», — деп жазды.

Десе де, керқұлдан атауының ауыз әдебиетінде ұшырасуы сирек. Керқұла сөзі жылқының түсіне қатысты айтылады. Мысалға, «Керқұла атты — Кендебай» ертегісі. Соған қарағанда құлан мен керқұлдың бөліп қарау қаншалықты дұрыс?! Бізге белгілісі — жиһанкез, саяхатшылар тамсана жазған кең байтақ даланың байырғы жануарының бір сәтте-ақ Пржевальский атанып кетуі. 1878 жылы Орталық Азияға саяхат жасаған орыс саяхатшысы Николай Пржевальский Қытай мен Жоңғарияның шөлді аймағынан жабайы жылқыларды кездестірді. Қанша талпынса да, тарпаңдар үйіріне жақында алмаған ол құланның даладан табылған бас сүйегі мен терісін Ресейге алып кетеді. Кейіннен осы олжаны сәтті еткен орыстың И.Поляков бастаған өзге ғалымдары мұның жабайы жылқының жеке түрі екенін анықтап, орыс саяхатшысының құрметіне «Пржевальский жылқысы» деп атаған. Түз жылқысы, осылайша әлем тарихына Пржевальский атауымен енді.

Осылайша, қазақ даласынан тып-тыпыл жойылып кеткен жануар қайта отанына оралып жатыр. Ғалымдардың пайымынша, мұндағы мақсат — дала экожүйесі мен онда тіршілік ететін негізгі түрлерді сақтап қалу.



БАЛҚАШ пен ҚАРҚАРАЛЫ ТУРИСТЕРДІ КҮТЕДІ

Туризм және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен Қытайда Қазақстандағы Туризм жылының ашылуы өтті. Пекин қаласында бастау алған Іс-серіктер форум жұмысына Қарағанды облысының Кәсіпкерлік басқармасының, сондай-ақ Балқаш және Қарағанды қаласы Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімдерінің өкілдері қатысты.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

Екі күн аралығында, яки 28 және 29 наурызда панельдік сессияларда өзара әрекеттесу мәселелері талқыланды. Негізгі тақырыптар — екіжақты ұйымдастырылған туризм және қытайлық өндірісшілер үшін Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы. Форумға қатысушылар үшін Қазақстанның 17 облысының стендтері орнатылды, онда өңірлердің туристік көрікті жерлері ұсынылған. Қарағанды облысы екі туристік орынды — Балқаш көлі мен Қарқаралы ауданын таныстырды.

«Визасыз режим саяхатшыларға Қытай мен Қазақстанның таңғажайып жерлеріне баруға мүмкіндік береді. Жыл басынан бері екі жаққа 400-ден астам туристік рейс жүзеге асырылды. Қытайлықтар тарапы тек біздің табиғи көрікті жерлерге ғана қызығушылық танытпағанын, өңірде қандай өндірістер бар, өнеркәсіптің қаншалықты дамығандығы туралы көп сұрағын атап өткім келеді», — дейді Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова.

САРЫАРҚАНЫҢ
ҚҰТ МЕКЕНІ

Туризмге сұранып тұрған Қарқаралы облыс орталығынан 200 шақырым жерде орналасқан. Орталық Қазақстанның шексіз далалары арасындағы табиғаты ерекше — құт мекені. Қарағанды өңірінің 90 пайыздан астам орман алқабын Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі алып жатыр. Қазір ауданда 3 мыңға жуық



турист қабылдай алатын 37 орналасу орындары бар. Жалпы, бұл нысандарда 300-ден астам адам жұмыс істейді. Жылдан жылға бұл нысандардың саны ұлғаюда, яғни нысандан заманға сай демалыс орындары салынууда.

2023 жылы ауданға келген ресми туристер саны — 10,4 мың адам. Ал осы салада көрсетілген қызметтер көлемі — 109,3 млн теңге болды. Туризм саласын жүйелі дамыту мақсатында «Қарқаралы ауданының туризмін дамытудың 2023–2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары» әзірленді. Қалада Құнанбай қажы мешітінің жаңғыртылмақ, «Үш арыс» манайында саябақ орнату көзделген. Сонымен қатар «Бәйтерек» монументін қайта жаңғырту, «Ту тұғыры» мемориалды алаңын құру, қалалық тоған аумағын және «Сасықкөл» тоғанын абаттандыру, қалаішілік және жауу жүргініштер жолдарын, ойын алаңдарын салу жоспарланған.

Туристерді табиғи нысандар — «Шайтанкөл», «Тас ертегісі» (Бассейн көлі), «Жиренсақал», табиғат мұражайы, тарихи нысандар —

«Құнанбай қажы мешіті», «Үш үңгір», «Қызыл кеніш», «Алат қонысы», «Өлкетану» мұражайлары, «Қалмақ қорғаны», «Алтын адам» қорымы, Шалғайдағы тарихи-мәдени және сауықтыру нысандары — «Қоянды жәрменкесі», «Мәди үңгірі», «Саумалкөл», «Тәттімбет кесенесі» күтіп тұр.

«КӨК ТЕНІЗГЕ»
КЕЛУШІЛЕР КӨП

Балқаш көлі аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі еліміздегі ең ірі су айдыны. Балқаш Қазақстанның оңтүстік-шығысына қарай Қарағанды, Алматы және Жамбыл облыстарының аумағында, географиялық тұрғыдан демалушылар үшін қолайлы жерде орналасқан.

Көлдің суы ерекше көгілдір түсте болғандықтан ел арасында «Көк теңіз» деп те аталады. Табиғаттың ерекше туындысы саналатын су айдынының тағы бір ерекшелігі көлдің шығыс жақ бөлігінде суы тұщы болса, батыс бөлігі ащы сулы. Балқаш жағажай туризмін ұнататындар үшін таптырмас орын. Мұнда жазғы демалу кезеңі маусым айында басталып қыркүйекке дейін созылады. Жаз бойы ауа температурасы 28–30 градус шамасында болады.

Міне, осы критерийлер жаз шықса, Балқашқа ағылатындардың қатарын көбейтуде. Соңғы жылдары Балқаштың суына шомылып, жағалауында күнге қыздырылғаны келетін саяхатшылардың қатары көбейуде. Алайда көлдің маңындағы демалыс орындары жазғы маусымда саяхатшылардың барлығын сыйғыза ал-

майды. Шілденің шіліңгір ыстығында Балқаш жағалауынан ине шаншар жер, демалыс үйлерінен жатын орын болмай қалады. Сондықтан көлдің итерілмеген жағалауларына демалыс орындарын салып, туристерге жағдай жасау бағытында шаралар атқарылууда.

Балқашта биыл туристер үшін 219 жайлы бөлмеге шақталған жеті жаңа демалыс аймағы салынады. Қалалық жағажайдың жағалау аймағын қайта жаңарту жалғасады.

Бытыр қала аумағына Ақтоғай ауданының бір бөлігі — Шұбартүбек және Торанғалык кенттері қосылды, олардың жалпы ауданы 8 744 гектарды алып жатыр.

Инвестиция тартуға, туризмнің жаңа нысандарын және туризм саласына қызмет көрсету бойынша ілеспе қызметтерді ашуға мүмкіндік береді. Мұның бәрі жаңа жұмыс орындарын ашып, жергілікті бюджетті толықтыруға, қоршаған ортаны қорғауға зор серпін.

Қарағанды облысы

Ауылға ХАНБАЛЫҚ КЕЛДІ

«Ауыл аманаты» жобасы бүгінде ауылдықтардың үмітін ақтап келеді. Пилоттық жоба ретінде басталып, сәтті жүзеге асқан бағдарламаның биылғы қаражатының басым бөлігі су үнемдеу, құс, балық, мал шаруашылығына берілмек. Жобаға қатысуға ниеттілер бекітілген талапқа сай құжат тапсырып, жеңілдетілген 2,5 пайыздық несиеге қол жеткізу арқылы кәсібін дөңгелете алады.



Назгүл НАЗАРБЕК

Түркістан облысының Созақ ауданы Шолақорған ауылының тұрғыны Шора Ернарзоров аталған бағдарлама аясында 8,3 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып, Көкбұлақ қойнауында орналасқан өзінің жеке тоғанына 10 мың ханбалықтың (форель) шабақтарын әкеліп салды. Ауылдықтар үшін жанылық болған бұл бастамаға қолдау білдіріп жүрген топ тоғанға форель шабағын жіберу сәтіне қатысып, кәсіпкерге сәттілік тіледі. Балық шаруашылығымен айналысуды қолға алған кәсіпкер алдағы уақытта екінші қосымша тоғанына 12 мың сазан шабағын жіберуді жоспарлап отыр.

Орман шаруашылығының маманы Шора Ернарзоров балық өсіруді көптен армандап жүргенін айтады. Осы ойын жүзеге асыру үшін 3 жыл бұрын аудан әкіміне кіріп, жер сұраған. Біресе өзенінің бойынан 2 гектар жер алады. Шу-Талас бассейндік инспекциясының өзен қорғау аймағына кіретін жерді тиісті рұқсаттарын алып, құжаттарды қаржы мәселесі қолбайлау болып, діндеген ойын жүзеге асыра алмай жүріп калады. «Балық өсірем деп алып-ұшқан көңілім қаржы мәселесіне тіреліп, басылып қалған еді.



Кәйтсем екен деп жүргенде «Ауыл аманаты» жобасы туралы естіп, дереу құжат жинадым. Шүкір, кәсіпкерлікпен айналысамын деген жандарға қолдау ретінде мемлекеттік бағдарлама аясында пайыздық мөлшерлемесі жеңілдетілген 8 млн 300 мың теңгеге қол жеткізіп, істі бастаған жайым бар», — дейді Шора Токжанұлы бізбен әңгімесінде.

Кәсіпкер балық өсіруге қызыққандықтан жанжақты зерттеу жұмыстарын жүргізіп түрлі-түсті форельге тоқтайды. Тараз қаласында осы іспен айналысатын азаматтармен келісім жүргізеді. Олар форельдің уылдырығын Польшадан алдырып, өздерінде инкубациялайды екен. Әзірге түрлі-түсті форельдің 10 мың шабағын өзі қолдан жасаған тоғанына тастап отыр.

«Мұздай таза суды ұнататын форельдің жемі де Польшадан әкелінеді. Шабақтың көлеміне қарай жемінің де мөлшері болады. Дәл қазір тарыдай майда

жем берсек, үлкейген сайын оның көлемі де ұлғая береді. Майда шабақтың жемінің бағасы сәл қымбаттау жүреді екен. Қазір оның келісін 2 500 теңге жобасындағы бағаға алып жатырмыз. Жем жағы сәл қымбаттау енді», — деп тәуекелге бел буса да сәл қынжылғанын жасыра алмады ол.

Дегенмен кәсіпкердің алға қойған мақсаты айқын, жоспары көп. Шабақтар өскенде оны сатып, өткізу жағынан аса киналмайтынына сенімді. Етінің бағасы қымбат болатын форель балығын ең алдымен аудан орталығындағы кафе, тойханаларға өткізуді жоспарлап отыр. Артылып жатса, кішігірім шағын концерві шығаратын цех ашпак.

«Өзім орман шаруашылығының маманы болғандықтан табиғатқа жақынмын. Әсіресе, балық шаруашылығына қызығатындықтан оны баптап күтудің, өсірудің тәсілдерін меңгердім. Білмейтін тұстарымды интернет арқылы сабақ алып, білімді жетілдіріп жатырмын. Әзірге күніне 3-4 рет жемін шашып отыратын жаныма бір көмекші алдым. Енді бастап жау-

тырмыз, жұмысымыз жанданып жатса, шаруашылықты кеңейтемі деген жоспарым бар. Форель балығының етінен бөлек, қызыл уылдырығы да құнды болады. Сондықтан бұл бастамамыз сәтті жүзеге асады деген ойдамын», — дейді Шора Ернарзоров.

Айта кетейік, форель лосось тұқымдасына жататын тұщы су балығы саналады. Әлемде танымал форельдердің қатарына жататын радуга ақшыл-қызыл түсті, еті жұмсақ. Негізінен бұл балық түрін оның бүйіріндегі ашық қызыл жолақтан айыруға болады екен. Ауданға әкелінген радуга форель Балтық елдерінің көптеген су қоймасында, сондай-ақ Кара теңізге құятын өзендерде кен таралған. Өзен сағаларында, таулы өзендерде бассейндер мен тау өзенінде жүзгенді ұнататын, әрі қыс мезгілінде ұрық шашатын радуга форелі Созақ ауданының табиғатына жерсініп кетеді деп сенеді кәсіпкер.

Түркістан облысы

ЕГІСТІК АЛҚАПТАҒЫ ЕҢБЕК ДҮБІРІ



Жылдағы дәстүрге сай Сыр диқандары дала жұмыстарын бастап кетті. Өңір аграрийлері биылғы егін егу науқанына қызу дайындықпен келіп, алтын күзде берекелі өнім алуға үмітті.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Сонғы жылдары елімізде су ресурстарына байланысты болған мәселе шаруаларды біраз өзгерге салғаны белгілі. Қиындықты енсеру үшін Сырдың басты дақылы — күріш алқабасын көлемін қысқартып, суды аз қажет ететін дақылдарды егуге шешім қабылданды. Соның негізінде суды үнемдеуге бағытталған бірегей жобалар жемісін көрсете бастады. Өңірде күрішті алқап қысқартумен, өнім көлемі кеміген жоқ. Былтырғы науқан берекелі болып, қамба алтын дөңге толды.

Жалпы, Сыр елінің ауыл шаруашылығы саласында жыл басынан бері айтарлықтай өсім байқалады. Атап айтқанда, қантар-ақпан айында аталмыш салада 12 379,8 млн теңгенің өнімі өндірілген. Бұл тиісінше былтырғы жылмен салыстырғанда 102,2 пайызға артқанын аңғартады. Ал тамақ өнімдерін өңдеу көлемі бойынша 2023 жылдың осы кезегімен салыстырғанда 110 пайызға артық көрсеткішке ие.

Несібесін жерден терген енбекші қауым биыл 187 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егуді жоспарлауда. Оның ішінде 83,9 мың гектарға Сыр салысын жайқалтып, қамбаны алтын дөңге толтырамыз деп отыр.

«Биылғы егін науқанына облыс диқандары тынғылықты дайындықпен келіп отыр. Сонымен қатар облыста азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында атқарылып жатқан

ауқымды шаруа бар. Бұл тұрғыда жергілікті тұрғындарды өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар картоп, көгөніс, бакша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында қосымша жер дайындау үшін Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне тиісті тапсырма берілген. Қазір шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын себу дәрежесіне жеткізу үшін зертханалық тексеруден өткізу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар шаруашылықтар минералдық тыңайтқыштарды арнайы жеткізуші мекемелермен келісімшарт жасау арқылы сатып алууда. Нақты уақытта қолда бар техникалардың әлеуеті көктемгі дала жұмыстарын атқаруға жеткілікті», — дейді бұл жайында Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының егіншілік және өсімдік қорғау бөлімінің басшысы Жүсіпбек Әжібеков.

Басқарманың мәлімдеуінше, биылғы егіс үшін былтырғы жылдың күз айларында ауыл шаруашылығы құрылымдары тарапынан 3,7 мың гектар күздік бидай егу және 50,6 мың гектарға сүдігер айлау қамтамасыз етілген.

Негізінен, 2024 жылдың көктемгі егісіне облыс бойынша 21,3 мың тонна күріш тұқымы дайын. Бұдан өзге, ауыл шаруашылығы құрылымдары арқылы биылғы науқанға 938 тонна жаздық бидай, 736 тонна күздік бидай, 48,9 тонна арпа, 10,8 тонна тары, 67,6 тонна дән-дәкі жүгері, 5,6 тонна құнбағыс, 108,5 тонна мақсары, 13,5 тонна соя, 21,8 тонна сүрлемдік жүгері және 298 тонна жоңышқа тұқымы күйілген.

Тыңайтқышпен қамту ісі де жүйелі. Нақты айтқанда, биылғы егістікке қажетті тыңайтқыштың 84,4 пайызы сатып алынған. Дала жұмыстарына 3 799 техника жұмылдырылуда. Яғни, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің техникалары толықтай жөндеуден өткізіліп, тиісті мақсатта пайдаланылып жатыр. Сонымен қатар биылғы құны 9,3 млрд теңгені құрайтын қосымша 253 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынған. Нәтижесінде, егістік науқанына қажетті машина-трактор паркi 4,5 пайызға жанартылған.

Сол сияқты көктемгі егіс егу және дала жұмыстарын жүргізуге барлығы 12,9 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Басқарма тарапынан бұл тұрғыда ешқандай қиындық болмайтынын алға тартады.

«Бүгінде көктемгі егін егу жұмыстарына дайындық барысы жоспарға сай жүріп жатыр. Соның ішінде тұқым дайындау, оны орналастыру жұмыстары қарқын алды. Биылғы науқанда шаруашылықтар техникадан дара таршылық көрмейді. Қолда бар техникалар жөндеуден өткізіліп, дала жұмыстарына 100 пайыз дайын. Осы орайда, негізгі дақыл күріштің көлемін азайтып, орнына суды аз қажет ететін әртарапталандыру бағытындағы дақылдардың көлемін 2,3 мың гектарға дейін ұлғайту межеленуде», — деп мәлімдеді басқарма тарапынан.

Қалай дегенде де егіс дала-сында ерте көктемнен еңбек көрігін қыздырған Сыр диқандарының алға қойған мақсаты ауқымды. Ауа райы қолайсыз мінез танытпаса, шаруалар күріш егу жұмысын онтайлы мерзімде аяқтауға иек артып отыр.

Қызылорда облысы

Батыстағы ахуал — БАҚЫЛАУДА

Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе, Сырым, Теректі, Бөрлі ауданы және Орал қаласында төтенше жағдай жарияланғаны белгілі. Облыс әкімі Нариман Төреғалиев бірнеше мәрте жедел штабтың отырысын өткізіп, жағдайды қатаң бақылауда ұстап отыр. Алдыңғы күндері аймақ басшысы мен Мәжіліс депутаттары суға кетіп жатқан аудандарды аралап, халықпен кездесіп қайтты.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Облыста қарғын судың әлегі басталғалы тасқын суға қарсы құрылған жедел штабтың отырысы бірнеше рет өтті. Өңірдегі ахуалға баға берген облыс әкімі Нариман Төреғалиев облыстағы біраз шенеунікті сынап та алды.

Қазір облыста бірнеше ауданда төтенше жағдай сақталып отыр. Әсіресе, кешелі бері Теректі ауданына қарасты Подстепное ауылының тұрғындары үшін қар суы онайға соқпай жатыр. Қазір ол жерде Төтенше жағдайлар департаментінің 150 қызметкері мен 40 техника жұмыс істеуде.

— Еріген қар суы сай-саланы қуалап, Подстепное ауылындағы үйлерді басып біраз қиындық туғызып жатыр. Біздің мамандар мен атқарушы билік өкілдері бірлесе отырып, еріген қар суын сору жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Бұл жерде бүгін үшінші күн 40 техника мен 20 су сору машиналары жұмыс істеп жатыр. Қазір суды бұру, уақытша дамба салу жұмыстарын жүргізудеміз. Біздің

есеп бойынша Подстепное ауылында 80 үйге су кірді. Зардап шеккендер жоқ, адамдарды қауіпсіз жерге шығарып үлгердік, — деді БКО ТЖД бастығының орынбасары Рашид Біләлов.

БКО Төтенше жағдайлар департаментінде 26 наурыздан бастап тәулік бойы жұмыс істейтін, құрамына азаматтық қорғау қызметтері кіретін облыстық жедел штаб ашылды. Сенім телефоны да жұмыс істеп тұр.

Аймақта қарғын судың әлегі басталған бетте өңірге Мәжіліс депутаттары Нартай Аралбайұлы мен Сергей Пономорев келді. Олар Қаратөбе, Сырым, Теректі аудандарындағы суға кеткен ауылдарды аралап, ел-жұртпен тілдесіп қайтты.

Сырым ауданында үйлері суға кеткен тұрғындарды орналастырған екі эвакуациялық пункт жұмыс істеп тұр. Мәжіліс депутаттары сол жерлерде болып халықпен сұхбаттасты.

Нартай Аралбайұлы елдің әр өңірінде болып жатқан тасқынмен күрес шараларын Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бақылауда ұстап отырғанын, себептер анықталып, салдар қалпына келтірілетінін айтты.

— Үкімет сідердің шығындарыңызды толық өтеп беруге міндетті. Ол үшін жергілікті жердегі комиссия мүлтіксіз қызмет атқаруға тиіс, — деді депутат.

Айта кетейік, облыстық мәслихат депутаты Ғанимат Нұрмұханов жеке кәсіпкерлік нысанын панасыз тұрғындар иелігіне беріп, ел басына құн туғанда үлкен азаматтыққа барып отыр.



Аймақта қарғын судың әлегі басталған бетте өңірге Мәжіліс депутаттары Нартай Аралбайұлы мен Сергей Пономорев келді. Олар Қаратөбе, Сырым, Теректі аудандарындағы суға кеткен ауылдарды аралап, ел-жұртпен тілдесіп қайтты.



«Жібек жолынан» шығып келе жатқан мәжілісмендерді тұрғындар күтіп алып, жанайқайын жеткізді. Елдің қолқалауымен депутаттар сапар кестесін өзгертіп, Сергей Пономорев Әбілқайырхан көшесіндегі, ал Нартай Аралбайұлы Өлеңті өзенінің жағасындағы үйлерге кіріп, жағдайларымен жеке танысты.

Үйі суға кеткен жандардың бірі — Ханзипа Тумағали. Ханзипа апайдың жолдасы — бірінші топ мүгедегі. Өзі де денсаулығына байланысты ауруханаға жиі түседі. Депутаттармен кездесуде Ханзипа апай Үкімет бізді далада қалдырмайды деген үміті барын жеткізді.

— Менің үйімді су түгел алып кетті, қазір үйім тұруға жарамсыз. Өзім де, жолдасым да ауырамыз. Балдардың бейнеттеніп жүріп сылаған үйлері еді. Бір күнде судың астында қалып қойдық. Сіздер елге келіп жатыр екенсіздер. Осының бәрін өз көздеріңізбен көріп отырсыздар ғой, Үкіметке сеніміміз мол, бізге жана үй салып береді деп үміттенеміз, — деді Сырым ауданының тұрғыны Ханзипа Тумағали.

Жалпы, БКО бойынша 384 үйді су басқан. Төтеншеліктер 3 744 адамды қауіпсіз жерге көшірген. Оның ішінде

1 455-і — бала. Бүгінде өңірде 21 жолды су басса, 30 жолды су шайып кеткен.

«Қазгидромет» РМК БКО филиалының директоры Тілеген Шапановтың айтуынша, облыстағы ең ірі Жайық өзеніндегі су деңгейі бір тәулік ішінде Орал қаласы тұсында 84 сантиметрге көтерілген. Мамандар Жайық өзеніндегі су деңгейі қазір 457 сантиметр деп отыр. Ал қауіпті деңгей 850 сантиметрді құрайды. Қазір Дөркөл, Шаған өзендерінің көтерілуі қауіпті деңгейден асып кеткен. Сол себептен де қала маңындағы саяжайлардың халқын көшіру жұмыстары жүріп жатыр. Бүгінде Орал қаласындағы эвакуациялық пункттерде адамдар тұрып жатыр. Олардың көбі сол қала маңындағы саяжайлар мен ауылдардың тұрғындары.


— Бізді осы орталыққа әкелді. Суға кетіп қалмай аман отырғанымызға да шүкір дейміз. Дүние тегістелер, бастысы жан шығынынан сақтасын, — дейді тұрғындардың бірі Майра Айтқалиева.

«Қазгидрометтің» БКО филиалы директоры Тілеген Шапановтың айтуынша, Шыңғырлау ауданындағы Елек өзеніне де су толып жатыр.

— Ресейдің Орынбор облысы жағынан су келіп жатыр. Су деңгейі 800 сантиметрден асқан жағдайда ауданның өзен бойында орналасқан елді мекендеріне қауіп төнуі ықтимал, — деді Т.Шапанов.

Бұдан бөлек, өңірде су тасқынына байланысты қауіпсіз жерге шығарылған және өлген мал саны нақтыланып жатыр. Құтқару жұмыстары барысында 983 бас ірі қара, 1814 ұсақ мал және Бөрлі ауданында 31 бас жылқы қауіпсіз жерге айдалды. Аудандарда құрылған арнайы комиссия өлген мал санын есептеп жатыр. Өңірдегі ахуалды аймақ басшысы Нариман Төреғалиев өзі бақылауда ұстап отыр. Төтенше жағдайлар департаментінде құрылған жедел штаб тәулік бойына тынымсыз жұмыс жүргізуде.

Батыс Қазақстан облысы



ЖАМБЫЛ СПОРТЫ

БАҒЫТЫНАН ЖАҢЫЛДЫ

Жамбыл спортының жұлдызы еркез биік болғаны белгілі. Өңір жампоздары әлемдік ареналарда атой салып, талай мәрте Әнұранымызды шырқатып, көк байрағымызды биіктетті. Десе де, кейінгі жылдары аймақ спортының басы даудан арылмай, көрсеткіштеріміз көңіл көншітпей тұр. Бұған не себеп? Жамбыл спортына деген көңілдің аз бөлінуі ме әлде басшылардың жұмысына деген жауапсыздығы ма?

Облыс әкімдігінің Дене шынықтыру және спорт басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, биыл өңір спортының жылдық шығынына 14,9 миллиард теңге бөлінген екен. Ал саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға 120,3 миллион теңге бағытталған. Бүгінде облыста 53 спорт мектебі жұмыс істеп тұрса, бытыр спорттың олимпиадалық және олимпиадалық емес түрлерін дамыту дирекциясы құрылған.

Бір қарағанда қаралған қаржы өз тетігін тауып, басқарма жұмысына мін тағатындай себеп жоқ сияқты. Алайда облыстық мәслихаттың экономика, бюджет, салық және жергілікті өзін-өзі басқару жөніндегі тұрақты комиссияның жүргізген зерделеуі бір қатар былықтың бетін ашқан. Комиссия төрағасы Фарида Жүнісованың айтуынша, спорт саласын дамытуға жылда қыруар қаржы қаралып жатқанымен, «бармақ және көз қысты» тірліктер көп екен.

— Зерделеу барысында аудандардағы бірнеше елді мекенде спорт залдың жоқтығы немесе пайдалануға жарамсыз екені анықталды. Сондай-ақ спорт кешендері қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмеген. Ал ең сорақысы, аудандардағы мектептерге соңғы үш жылда спорттық жабдық сатып алуға бір тиын да бөлінбеген. Қарапайым спорт ойындарына қажетті доптың өзі қаралмаған. Мұндай күйді Тараз қаласындағы мектептерде бастан кешіп, сапасыз бірреттік қымбат бағадағы доптар мен торлар сатып алған. Бұл дүниелер бір қолданғаннан кейін-ақ жарамсыз күйге түскендіктен денешынықтыру пәнінің ұстаздары өз қаражаттарына доп сатып алуға мәжбүр болған, — дейді Ф.Жүнісова.

Зерделеу барысында анықталған тағы бір түйткіл — спорт ғимараттарының мүшкіл күйі. Мәселен, Тараз қаласы мен аудандарда орналасқан 10 спорт ғимараты күрделі жөндеуді қажет етсе, тағы 10 спорт кешені ағымдағы жөндеуден өтуі керек. Бір сөзбен айтқанда, спорт нысандарының басым бөлігі пайдалануға берілген күннен бері жөндеу көрмеген.

— Ең беткеуестер делінген Жаксылық Үшкөмпіров атындағы «Тараз-Арена» спорт кешенінің төбесінен су өтіп, еденге төселген қымбат төсеніштегі төгілуде. Одан бөлек, ғимараттың жылу мәселесі де сын көтермейтін жағдайда. Олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының жатақханасы өбден тозған. Ал ыңғайластырылған бөлмеде орналасқан асханасы санитарлық талаптарға сай келмейді. Осы іспетті Жуалы ауданының Б.Момышұлы ауылындағы бокс залының аянышты күйі мен ондағы жылу жүйесінде болған ақау балалардың өміріне қауіп төндіріп тұр.

Спорт мектептеріне қатысты өзекті мәселелердің қатарында тозығы жеткен жиһаздар мен компьютерлік техникаларды жаңғыртуға қаржы бөлінбеуі жаңға батып тұр. Мәселен, Дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты спорт ұйымдарына көп жылдардан бері компьютер сатып алуға қаражат қаралмаған. Колданыстағы

компьютерлер істен шыққандықтан саладағы қызметкерлер өздерінің жеке компьютерлерін үйлерінен әкеліп пайдалануға мәжбүр болған, — дейді комиссия төрағасы.

Жамбыл спортындағы былық пен қулықмұнымен бітпейді. Фарида Жүнісованың сөзіне сүйенсек, бытыр бұқаралық спортты дамыту және балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтыруға тарту мақсатында мемлекеттік тапсырыстарды енгізу арқылы бюджеттен 930,7 миллион теңге бөлінген екен. Нәтижесінде, 4-17 жас аралығындағы 8 100 бала мен жасөспірімге 19 спорттық секцияға тегін жаттығуға мүмкіндік туған. Ал 2024 жылға жергілікті бюджеттен 1 миллиард 237 миллион теңге бөлініп, 19 спорт түрі бойынша 8 мыңнан

қатысқан. Қызығы сол, 11 адам 40 медаль (23-і алтын, 6-ы күміс, 11-і қола) еншілеген. Қол күресінен де осы секілді ақылға сыймайтын көрсеткіштер орын алған. Жалпы медаль саны — 124, оның 58-і алтын, 30-ы күміс, 36-сы қола.

Спорт мектептерінде бюджеттен бөлінетін мол қаржыны дұрыс, тиімді пайдалану мәселесінде бақылау босансып, мамандардың кәсіби деңгейінің төмендігінен көптеген заңбұзушылыққа жол берілген. Нақтырақ айтсақ, облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ақпаратына сүйенсек, 2023 жылдың қантар-тамыз айларында облыс әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасына қарайтын мекемелердің басшылары мен есепшілеріне



астам баланы қамту жоспарланып отыр екен. Яғни, биыл өткен жылға қарағанда қаржы көлемі 303 миллион теңгеге артқан. Бүгінде 71 өнім беруші 6 061 баланы спорттық секциямен қамтығандығы туралы ақпарат берген. Алайда қыруар қаржыны қалтаға басқан өнім берушілердің басым көпшілігі жалға алған ғимараттарда жұмыс істеп жүр. Яғни, зерделеу барысында конкурстен жеңімпаздары мектептердің спорт залдарын жалға алып, «жұмыртқадан жүн қырықп» отырғандары белгілі болған.

— Бүгінде спорт мекемелерінің басшылары Art Sport-қа бөлінген қаржы құмға сіңген судай жоқ болып кетіп жатқанын ашық жеткізуде. Бұл негізсіз де емес. Себебі зерделеу жұмыстары барысында балалар санын артық көрсетіп отырған кәсіпкерлік нысандардың бар екені анықталды. Сонымен қатар сол жекеменшік нысандарда үйірге қатысушы балалар бірінші рет келіп отырғандарын, оларды мектептен жібергенін айтқан кездер тіркелген. Осылайша, мемлекеттік конкурсты жеңіп алып, қаржыны қалтаға басқан кәсіпкерлер үйірмедегі бала санын артық көрсетіп, қулыққа салып отыр, — дейді Фарида Жүнісова.

Тағы бір таңғаларлығы, көзбояушылыққа бүгінде спорт мектептерінің директорлары да баруда. Мәселен, жекпе-жек спорт клубы, №5, №7 сияқты кейбір спорт мектептерінің директорлары халықаралық жарыстарға Ұлттық құрамаға алынбаған спортшыларды апарып, бабы келіп тұрған өзге спортшылардың бағын байлаған. Мәселен, 2023 жылдың шілдесінде Сочи қаласында қаратә-до шотакан жекпе-жегінен өткен әлем чемпионатына Ұлттық құрама команданың мүшесі емес спортшылар қатысып, мұндай белден басушылық кейінде бірнеше мәрте қайталанған.

— Мәңсіз коммерциялық іс-шараларға қатысудың маңызды бір себебі — мектептердің рейтингін қолдан көтеру. Мысалы, №5 облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің 11 спортшысы Ташкентте өткен әлем чемпионатына

жалпы сомасы 3 миллион 225,4 мың теңгеге 34 рет әкімшілік айыппұл салынған. Кейбір мекеме басшылары 7 реттен айыппұл арқаалаған, — дейді облыстық Қоғамдық кеңестің комиссия төрағасы Рахметілді Сегізбайұлы.

«Тараз» футбол клубының жағдайы да көптің жанына батып тұрғаны жасырын емес. Бүгінде талдау нәтижесі клубтың қарызға батуы қате кадр саясатынан орын алғанын көрсетуде. Мәселен, 2020 жылдың маусым айынан 2021 жылдың аяғына дейін клуб директоры болған Т.Тұрлыбай бөлінген 1,2 миллиард теңге көлеміндегі бюджеттен артық 1 миллиард теңгеге міндеттеме қабылдап, клубтың кредиторлық қарызын 2021 жылдың аяғына 1 миллиард теңгеге жеткізген. Содан бері клубтың есепшоты бұғатталып, қарыздан көз аша алмай келеді. Алайда ең қызығы мұндай заңсыздыққа жол берген клубтың бұрынғы директоры Т.Тұрлыбай ешқандай жауапкершілікке тартылмаған. Осының өзі сананы сан саққа жүгіртеді.

Бытыр іске қосылған денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің сапасына жүргізілген зерделеу жұмыстары да бірқатар кемшіліктерді анықтап отыр. Атап айтсақ, Жамбыл ауданының Гродеково елді мекеніндегі кешенде балалар жумынатын бөлмеде көзін жүйесі сапасыз салынған. Оны бүгінде пайдалануға мүмкіндік жоқ. Сонымен қатар аталған ауданның Қарой ауылдық округі, Сұлутөр елді мекеніндегі кешеннің үлкен спортзалын жылжытатын пеш қазірге дейін іске қосылмапты. Салдарынан, балалар жаттыға алмауда. Сондай-ақ ауа райы қолайсыз болғанда кешеннің шатырынан су сорғалайды екен. Міне осылайша, Жамбыл спортында шешімін күткен мәселе шаш тектен болып тұр. Күні кеше облыстық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Арман Тешметов өз еркімен қызметінен кеткенін ескерсек, енді бұл олқылықтардың орнын кім толтыратындығы әзірге белгісіз. Арман Бақытжанұлы Жамбыл спорты басқарған екі жылда ерекше еңбегінен есте қалды дей алаймыз. Тек, Лондон Олимпиадасының қола жүлдегері Ақжүрек Танаатаровты қызметінен алып тастаған тұста оның есімі республикаға жеткен. Ол жағдайда да спорт мектептеріне бөлінген қаржы мен материалдық базаны сапасыздығы Ақжүрек пен Арман арасындағы текіретсіз тудырып болатын. Демек, спорт саласындағы былықтар бүгін немесе кеше туындап отырған дүние емес. Сондықтан сала жұмысын тұптампырымен қарап тексеру керек. Сол кезде бәлкім көпке беймәлім әлі талай сұмдықтың беті ашылып қалар.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАДА ӨНЕР КӨРСЕТУДЕН БАС ТАРТТЫ

Боксшы Лукастың Астанада өтетін іріктеу спаррингтеріне қатыса алмайтыны белгілі болды. Қазақстан бокс федерациясы 8-10 сәуір күндері Астанада өтетін Әлемдік лицензиялық турнирге іріктеу ретінде ұйымдастырылатын спаррингтік кездесулерге қатысу үшін боксшыға шақырту жіберді.

Алайда Ангелина Лукас бұл ұсыныстан бас тартқан. «Ангелина Лукас кәсіпқой бокстағы соңғы рейтингтік жекпе-жегі 30 наурызда Таиландта өткізілгендіктен және 20 сәуірге тағы бір чемпиондық жекпе-жегі жоспарланып тұрғандықтан өткен аймақтан кейін тынығып, алдағы жұдырықтасуына дайындалу қажет болады. Сондықтан Ангелина Лукас Астанада өтетін іріктеу спаррингтеріне қатыса алмайтындығы анықталды. Өз тарапымыздан боксшыны өткен жекпе-жектегі жеңісімен шын жүректен

құттықтаймыз және алдағы айқа-сына сәттілік тілейміз», — деп хабарлады Бокс федерациясы.



ФУТБОЛДАН ӘЙЕЛДЕР ЛИГАСЫ БАСТАЛАДЫ

Биыл елімізде футболдан алғаш рет Әйелдер лигасы басталады. Жақында Qazaqstan Football League-сының ұйымдастыруымен QFL Әйелдер лигасы мен QFL Әйелдер кубогы турнирінің жалауы көтеріледі.



Жарысқа еліміздің төрт өңірінен «БИК-Шымкент», «Ордабасы», «Ақтөбе», «Оқжетпес», «Томирис-Тұран» клубтары қатысады. Футбол додасының жеңіс тарту рәсімі 2 сәуірде өтті.

Кейінгі жылдары әлемде әйелдер футболының дамуына ерекше назар аударылып келеді. Еуропаның өзінде әйелдер футболының 144 миллион жанкүйері тамашаласа, 2033 жылы олардың саны 328 миллионға дейін көбейеді деп жоспарланған. QFL үшін осындай деңгейдегі турнирді ұйымдастыру осы саланың дамуы үшін маңызды элемент ретінде саналады. Себебі бүгінде халықаралық федерацияларда бірде-бір коммерциялық немесе футбол науқанын әйелдер футболының елестетуі мүмкін емес.

«QFL Әйелдер кубогының бірінші жарысы 1-9 мамыр ара-

лығында Шымкент қаласындағы «БИК» спорт кешенінде өтеді. Турнир айналымдық жүйеде ұйымдастырылып, әр команда 4 матчтан ойнайды. Кездесуде тең есеп қарастырылмаған. Егер ойынның негізгі уақытында есеп тең болса, жеңімпаз бірден пенальти сериясында анықталады. Сондай-ақ ұпай 4 деңгей бойынша беріледі. Негізгі уақыттағы жеңімпазға 3 ұпай, пенальтиден жеңген командаға 2 ұпай, пенальти есе жіберген клубқа 1 ұпай беріледі. Негізгі уақытта жол берген команда ұпайсыз қалады», — делінген хабарламада.

Ал QFL Әйелдер лигасы 17 мамыр — 30 қазан аралығына жоспарланған. Лига 4 айналым бойынша Шымкент, Түркістан, Ақтөбе және Көкшетау қалаларында өтеді.

AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетінің ұжымы басшылығын Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі Ербақыт Жалғасбаева қатыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы оқу орнының Ақпарат және коммуникациялар департаменті директоры, белгілі журналист Қаншайым Байдәулетке ағасы НУРЛАННЫҚ қатыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жәннат, иманы жолдас болсын.



NUR MEDIA
МЕДИЯ КОМПАНИЯСЫ

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТАШИАЕР:
Абдәлім АЛЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алғабай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баши ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ІНДЕКСІ:**

Көшіп алушылар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БОЛМА:
8(717) 675-42-14, 8(717) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛМА:
8(717) 804-61-32
podpiska.ai@gmail.com

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4430
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сметі көшесі 30,
тел.: 8(717) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.

Газет аптасына 3 рет шығады